

УДК 81-116.3

## БАСПАСӨЗ ТІЛІ – ТІЛ ДАМУЫНЫҢ КӨРСЕТКІШІ

Деме Әсия Байрамбайқызы

[asiya.deme@bk.ru](mailto:asiya.deme@bk.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2 курс магистранты,

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – А.Б. Бейсенбай

Публицистикалық стильге, қазақ әдеби тілінің тарихына қарап отырсақ, газет, журнал тілі негіз болған екен. Газет тілінің орны қазақ әдеби тілінің тарихында айрықшаланып тұрады.

Жалпы, бұқаралық ақпарат құралдарын электрондық бұқаралық ақпарат құралдары және мерзімдік басылымдар деп бөліп жүрміз. БАҚ-тың бұл екі түрінің де атқаратын қызметтері бірдей, яғни көпшілікке ақпаратты жеткізу.

Қазақ баспасөзінің негізгі міндеті мен бағытын анықтауда А.Байтұрсынұлының рөлі ерекше. Ол қазақ баспасөзі қызметінің қаншалықты міндет арқалайтындығын терең түсініп, газеттің қоғамдық қызметі туралы: «Газет – жұртқа қызмет ететін нәрсе, олай болатын мәнісі жұрттың білімді, пікірлі, көргені көп көсемдері, оқығандары көп адамдары газет арқылы халықтың алдына түсіп, жол көрсетіп, жөн сілтеп, басшылық айтып тұрады», -деп атап көрсетеді. [1, 10 б.]. Қазақ тіл білімінде қазақ баспасөзі, ондағы

публицистикалық стиль жөнінде зерттеуші ғалымдардың біраз еңбектері бар. Ғалым-зерттеушілер Х.Бекхожиннің, Б.Кенжебаевтың, Н.Қарашеваның, Ү.Субханбердинаның, Б.Әбілқасымовтың еңбектерінде қазақ баспасөзінің тарихы, алғашқы қазақ газеттерінің тілі сөз болса, ғалым С.Исаевтың «Қазақ әдеби тілінің совет дәуірінде дамуы» еңбегінде кеңестік дәуірдегі тіл дамуының жай-күйі сөз болады. Сондай-ақ ғалым БАҚ тілінің лексика-грамматикалық ерекшеліктерін талдап көрсеткен. Сонымен қатар, академик М.Серғалиевтің «Тілім менің – тінім менің» атты мақалалар жинағының, газет лексикасы, оның жүйесі мен құрылымы жөніндегі Б.Момынованың еңбегінің, әдеби тілдің публицистикалық стилі жөніндегі О.Бүркітовтің ғылыми жұмыстарының қазақ баспасөзін зерттеудегі маңызы зор.

Ғалым М.Серғалиев публицистикалық стильдерді мағыналық жағынан үш шағын топқа бөледі:

- а) үгіттік публицистикалық шағын стиль;
- ә) саяси-идеологиялық публицистикалық шағын стиль;
- б) саяси бұқаралық публицистикалық шағын стильдер.

Осы топтаудың негізінде үгіттік шағын стильге – корреспонденция, репортаж жарнама, хабарландыру; саяси-идеологиялық шағын стильге – ақпараттық мақала, аналитикалық мақала, комментарий; саяси бұқаралық шағын стильге – интервью, фельетон, памфлет, очерк жанрлары жатады дейді [2, 126 б.].

Газет тілінің жетістігі оның сөздерінің тартымды болуында. Материал тілінің өзіндік ерекшеліктері бар және ол автордың шешендігін көрсетеді.

Публицистикалық образдың басты және өзіндік бір ерекшелігі – ол журналистің өзі жүзеге асыратын, дамытатын, нақтылайтын, оның түрлі сипаттарының шығуына көмектесетін ойдан туады. Публицистика, әсіресе, образ-фактілерді пайдаланады. Образ-факт көркемдік заңдарына сәйкес туады және ол дүниетанымдық фактілер сипатында болады. Бұл фактілер түбегейлі қойылған нүкте немесе шындықтың кесіндісі емес, ол – сол шындықтың белгілі бір уақытта және кеңістікте лайықты орны бар дүниелер. Публицист образ-фактіні жасағанда, өз бақылауына ғана сүйеніп қана қоймайды, ол газеттердегі, мұрағаттардағы және құжаттардағы баға жетпес құнды деректерді де пайдалана алады. Публицист әрдайым баяндап отырған оқиғаға деген «өзінің көзқарасын оқырманға жеткізу үшін түрлі тілдік құралдарды қолданады және осы тілдік құралдарды жүйелі пайдалана отырып, дербес авторлық бейнені қалыптастырады. Ол бейне, бір жағынан, кейіпкердің өзіне тіл бітірсе, екінші жағынан оқиғаға деген авторлық көзқарасты айқындайды» [3, 179 б.]. Мысалы:

*Әлбетте, мұндайда білегін сыбанған «кандидаттардың» жауын құртындай қаптап кететіні бар (ЖА., 04.02.2003). Саринды Шығыс Қазақстан асырды да, жанына Тайыр Мансұровты ертіп алып, Орталық Комитеттің екінші хатшылығына арналған кеңсенің төріне барып қонжиды (ЖА., 06.02.2003) деген сөйлемдерде автор жалаң фактілерді ғана алып отырған жоқ, оқиғаға өзінің қатысын да білдіріп тұр. Автор «кандидаттардың жауын құртындай қаптап кететіні», түрлі амалдармен екінші хатшы болып алған жағымсыз кейіпкер, ақша табу үшін әртүрлі жағымсыз өсек-аяң терген басылымдар, Меңдібаевтың жағымсыз қылықтары ашылады. Оларға лайықты образ жасау үшін автор «жауын құрты», «қонжию» деген сияқты экспрессиялы сөздерді қолданып, контекстің эмотивті әсерін арттырып, өзінің авторлық көзқарасын коннотациялық реңкі қанық экспрессивтермен жеткізген.*

Ал газет беттеріндегі жаңа қолданыстар, неологизмдер және термин сөздердің қолданылуына келер болсақ, бұл тұрғыда газеттің жетекшісі орынды иемденетіндігі ешқандай да дау тудырмайды. Осыған қатысты пікірге ғалым Ш.Сарыбаев: "Әдеби тілімізде, оның ішінде, әсіресе, лексиканы, сөздік қорымызды байытуда ақпарат құралдарының маңызы ерекше... жаңа қолданыстарды дүниеге келтіруде көркем әдебиет емес, мерзімді баспасөз, ақпарат құралдарын бірінші орынға қояр едік», - деді [4, 34 б.].

Газет материалдарында жаңа сөздер мен жаңа қолданыстар қоғамда болып жатқан өзгерістерге орай күн санап қатарын толықтырып келеді. Ғалым М.Серғалиев бұл мәселеге 1) сыртқы жағдаяттардың, яғни өмірде болып жатқан жаңа құбылыстардың, тың ұғымдардың; 2) тілдің өзінің ішкі даму заңдылықтарының, яғни сөз мағынасының өзгеруінің, кеңеюінің, басқа да әр түрлі тіркесу құбылыстарының болатындығынан деп көрсетеді. Осыған орай шағын ақпараттық мақаладан бірнеше мысалдар келтірейік.

*Апта аяғында Парламентте болған жаңалық – жаңа депутаттық топ дүниеге келді. «Достық» деп аталатын жаңа топ Ресейдегі Қазақстан жылына орайластырылды. «Достықтың» болашақ көшбасшысы, сенатор Тасбай Симамбаевтың айтуына қарағанда, мұндай топ Ресейде де құрылады. Жылдың ашылу және жабылу салтанатын айтпағанда, оның ішінде Санкт-Петербургдың 300 жылдығын мерекелеу шарасына қатысу, Н.Назарбаевтың Ресейдің аймақтарын аралауы, т.б. қызғылықты шаралар қарастырылған (ЖА., 04.02.2003)*

*Сол Цюрихте өткен «Қазақстанда бизнесті өркендету кезінде Швейцария компаниялары үшін жасалған іскерлік мүмкіндіктер» деп аталған инвестициялық мәслихатта Елбасы сөз сөйледі (АТ., 23.01.2003).*

Келтірілген мысалдардағы «депутаттық топ», «инвестициялық мәслихат» тіркестері бір сыңары «депутат», «инвестиция» кірме сөздер мен «топ», «мәслихат» сияқты қазақтың төл сөздерінің тіркесуінен жасалса, «жылдың ашылу және жабылу салтанаты», «мерекелеу шарасы» деген тіркестер – терминдер [5. 14 б.].

Ғалым Ш.Қ.Исақұлова «Газеттегі шағын жанрлардың тілі» атты кандидаттық диссертациясында газет беттерінде кездесетін жеке-дара немесе сөз тіркесі ыңғайында қолданылған түсініксіз атауларды, қысқартылып қолданылған сөз тіркестерін, варваризмдерді, сонымен қатар орыс сөздері мен калькалардың қолданылуын қарастырған. Аталған құбылыстарға бірнеше мысал келтіріп өтсек. *WESTERN UNION – дүниенің төрт бұрышына ақшаңды жедел жеткізіп береді. «Cisco Systems» Қазақстан нарығына көндікті. «Эксон Мобил» соғыс ардагерлерін құттықтады.* Берілген сөйлемдерде шетелдік сөздер жеке-дара қолданылған. Олар, әрине, оқырманның бәріне бірдей түсінікті бола бермейді. Оқырман *WESTERN UNION*-ның шет елге ақша аударатын орын екенін, «*Cisco Systems*» пен «*Эксон Мобил*»-дің өндірістік-шаруашылық компания екендігін тек контекстке қарап ғана ұғына алады.

Қоғамдық саладағы терминдерді, клишелерді қолдану да газет жанрына тән құбылыс. Клишенің газет тілінде қолданылу мақсатының «үнемдеу және тілдік практикадағы қолданыс ұғымын қалыптастыру» екендігі мәлім (М.Серғалиев). Қазіргі газет жанрларында да түрлі салаға байланысты клишелер кездеседі: *Әдетте, қаламгер еңбегін кейде оқырман сұранысына қарап бағалайтынымыз бар* деген сөйлемдегі «қаламгер» сөзі барлық жазу өнеріне ат салысып жүрген қауым – журналист, жазушы, драматург т.б. шығармашылық кәсіппен айналысатын адамдарды қамтиды.

*Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасы ғылыми-көпшілік кітапханасының санатына жататындықтан, оқырмандардың сұранысына негізінен ғылымның әр саласына байланысты басылымдар, соның ішінде қоғамдық ғылымдарға қатынасты кітаптар ие* деген сөйлемдегі «басылымдар» сөзінің астарында барлық баспадан шығатын шығармалар жатыр.

Сонымен қатар, баспасөз жанрлары тілінде ұлттық тіл мәдениетіне нұқсан келтіріп, ұлт тілінің дамуына кедергі тигізетін фактілер де кездесіп отырады. Мұндай стильдік кемшіліктердің қатарына тіларалық қарым-қатынас нәтижелерінің бір көрінісі болып саналатын билингвизмдерді жатқызуға болады. Қазақ тіліндегі билингвизм көріністері көбіне орыс тілінен алынған калькалардан байқалады және олар ұлттық менталитетпен қабыспай, оқшауланып тұрады: *нәтиже шамалы (мало вероятности), жасыл сәуле (зеленый свет), мәселе әлі өткір күйінде (вопрос остается открытым), нүкте қоятын кез жетті (пора ставит точку над и), алқаның екінші жағы (обратная сторона медали),*

*егіз тамшыдай (как две капли воды)* т.б. Осы мысалдардағы «жасыл сәуле» тіркесін ешқандай кедергі жоқ» немесе «жол ашық» деп жазуға болады.

Осы тұрғыда қазақ тіл білімінде баспасөз материалдарында шыққан жаңа сөз, жаңа қолданыстарды тіркеп, сөздік етіп шығару 1985 жылдан басталғандығын ғалым Р.Сыздықова «Жаңа атаулар» сөздігінің алғы сөзінде айтып өтеді. Мұндай сөздіктер қазақ баспасөзінде қолданылып жүрген жаңа сөздерді, қолданыстарды тіркеумен қатар, ол сөздердің біреуінің сүзгіден өтіп, іріктеліп-таңдалынып, өмірге жолдама алуына септігін тигізер еді. Сондай-ақ, мұндай сөздіктің оқырмандар үшін де, қазақ баспасөзін зерттеушілер үшін де пайдасы мол болмақ.

Газет – тіл мәдениетінің көрсеткіші. Ал, тіл мәдениеті халық мәдениетінің деңгейін танытады. Газет тілі оның авторларының дүниетанымын, шешендігін, ұлттың жазу, сөйлеу мәдениетінің жоғарылығын көрсетеді. «Газет – халықтың көзі һәм тілі» деп А.Байтұрсынұлы айтқандай, қазақ баспасөзін зерттеудің маңызы зор. Өйткені қазақ баспасөзі – халық үні ғана емес, ол ұлт айнасы – тіл дамуының да бірден-бір көрсеткіші.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. «Қазақ» газеті. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 1998. – 560 б.
2. Серғалиев М. Стилистика негіздері: Оқулық. – Нұр-Сұлтан: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2006. – 273 б.
3. Сыздық Р. Сөз құдіреті. – Алматы: Санат, 1997. – 224 б.
4. Сарыбаев Ш. Бұқаралық ақпарат құралдары тіліндегі жаңа қолданыстар // Мемлекеттік тіл: терминология, іс қағаздары мен бұқаралық ақпарат құралдарының тілі. – Нұр-Сұлтан, 1999. – 34-42 бб.
5. Исақұлова Ш.Қ. Газеттегі шағын жанрлардың тілі (2003-2004 жылдардағы «Жас Алаш», «Қазақ әдебиеті», «Ана тілі» материалдарының негізінде) филол. ғыл. канд. ...дисс.: 10.02.02. – Нұр-Сұлтан, 2010. – 161 б.